№ 6213-26-00-2/416 электрондық іс

ҰЙҒАРЫМ

2026 жылғы 20 тамыз Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.Е.Мұстафин, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның жауапкер «Алипова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нургуль Гапбасовна Алиповаға өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы электрондық азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен жүгінді.

Сот тараптар арасында 2026 жылғы 15 маусымдағы № 130240021888/260238/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай – Шарт) жасалғанын анықтады.

Алайда іс материалдарына сәйкес жауапкер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген.

Тиісінше жауапкер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуден жалтарған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай мәтін бойынша – Заң) 17-бабының 5-тармағына сәйкес егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса немесе шартты жасасып, шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы соманы (бар болса) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

Жауапкердің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенін ескере отырып, тиісінше жоғарыда көрсетілген Заң нормасына орай жауапкер Шарт талаптарын орындаудан жалтарған әлеуетті өнім беруші болып табылады.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 20.08.2026

6213-26-3-1/452

берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Осылайша жауапкер Шарт бойынша өнім беруші бола тұрып, Шарт жасасудан жалтарған, өйткені, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Осы жағдайда жауапкерді Шарт жасасудан жалтарушы ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу үшін Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті органның шешімі қажет.

Мұндай мән-жайларда Шарт жасасудан жалтарған кезде жосықсыз қатысушы деп тану үшін сот шешімі қажет емес.

2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай мәтін бойынша - АПК) 277-бабының 1) тармақшасына сәйкес сот, егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Сонымен әлеуетті орындаушыны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап азаматтық іс жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды.

Осы жағдайда талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу мақсатында уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүгінуі қажет.

АПК-нің 268, 269, 277-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның жауапкер «Алипова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нургуль Гапбасовна Алиповаға өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы электрондық азаматтық іс бойынша өндіріс тоқтатылсын.

Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді.

Талап қоюшыға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүгінуді ұсынылады.

Ұйғарымға наразы тараптар Ұлытау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күнінен бастап он жұмыс күн ішінде жеке шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 20.08.2026

Судья

Д.Е.Мұстафин

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 20.08.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»